



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қалауова Әсел Жамбылқызы

Assel.93@hotmail.com*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, қытай филологиясы
кафедрасының 4 курс студенті**Ғылыми жетекшісі - Дүкен Мәсімханұлы*

Аббревация жиі лингвистикалық зерттеулердің науқаны болып тұрады. Бұл аббревиатуралардың көбеюі мен қолданыста кең таралуымен түсіндіріледі. Айтарлықтай аббревиатура теориясына үлес қосқан зерттеу жұмыстары көптеген тілдерде жүргізілген жұмыстар негіз болды.

Қазіргі кезде аббревиатураларды тиімді аударудың әдіс тәсілдері мен жолдары үздіксіз іздестірілуде. Арнайы аббревиатураларға арналған сөздіктер мен көптеген ғылыми зерттеулер мен диссертациялар жазылылуда. Бірақ, көптеген аббревиатуралар теориясына байланысты зерттеулердің қаншама рет жүргізілгеніне қарамастан, аббревиатуралар әлі толықтай зерттелмеген. Бұған себеп олардың жаңа түрлерінің пайда болуында.

Әрине, аббревиатуралардың негізгі мақсаты ол аузша мен жазбаша тілдегі мәтінді үнемдеу болып табылады. Айту барысында аббревиатуралар туындаған сөз тіркестен бес есе қысқа, ал жазу барысында аббревиатураларды кодану мүлдем тиімді. Бірақ, кейбір жағдайда аббревиатураларды олардың көпшілікке түсінікті болуы үшін толық нұсқасын қолданған дұрыс. Кез келген саланың ол өндірістік болсын, экономикалық болсын немесе тағы басқа өз аббревиатуралары бар, ал көпшілікке мәлім, кең таралған, күнделікті қоладнылатын аббревиатуралар тағы бар. Осы себептен де қысқарған сөздерді жазып немесе айтып отырған адамға аббревиатураларды оқырмандар мен тыңдармандардың аудиториясына байланысты қолданғаны жөн. Ең бастысы қысқарған сөздер тыңдарман болсын оқырманға болсын түсінікті болу керек.

Қазіргі таңда ғылыми, экономикалық және де техникалық даму кезеңінде аббревиатуралардың кең таралуы заңды құбылыс. Әрине бұл салалардың дамуы жаңа ұғымдардың және жаңа терменологиялардың туындауына әкеп соғады. Жаңадан туындаған ұғымдардың басым бөлігі күрделі сөздер немесе сөз тіркестер арқылы құралады. Терминдар күрделі сөздер, ал сөз тіркестер болса тым ұзын, сондықтан да оларды қалай да болса қысқарту қажеттілігі туындайды. Кейбір жағдайларда бұл терминнің тек қана бір негізгі компонент ретінде қысқартылып қолдануына әкеп соқса, екінші жағдайда әр түрлі қысқартулар мен аббревиатуралардың туындауына себеп болады.

Қысқарған сөздердің қарқынды түрде көбеюі лексикада спецификалық әдіс пен ғылым жүйесінде жеке зерттеуді қажет етеді.

Көптеген күрделі атаулар, ұйым мен мекеме және де мемлекет атаулары сөз тіркестерінен құралып қысқарған сөздер ретінде қолданылады. Мысалаға айтсақ: Қытай Халық Республикасы-КХР, Қазақстан Темір Жолы-КТЖ, Ғалымдар Академиясы-ҒА т.б. Осындай күрделі атаулар мен сөз формаларының қысқартылып қолдануын қысқарған сөз деп атайды, немесе жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестердің жазуда ықшамдалып жазылуы (кг-килограмм, н/е -немесе, кВт –киловатт, т.б-тағы басқа).

Күрделі атаулар бірнеше жолдар арқылы қысқартылады:[2.12]

- Атау құрамындағы сөздердің бас әріптерінен. Бұл әдіспен қысқарған күрделі сөздер бас әріппен жазылады және де оларға қосымша жалғаулар дефис арқылы жалғанады.

- Күрделі атау құрамындағы бірінші сөздің бас буыны мен кейінгі сөздің бас әріптерінен құралады. Осы әдіспен қысқарған сөздердің бірінші буындағы алғашқы әріп пен кейінгі сөздерден қысқартылып алынған алғашқы әріптері бас әріппен жазылып, қосымшасы дефис арқылы жалғанады.

- Күрделі атау құрамындағы сөздердің бірінші буындарынан немесе бірінші сөздің

алғашқы буыны мен одан кейінгі сөз толықтай қосылып қолданылады. Бұндай қысқарған сөздер бас әріппен жазылмайды және де қосымшасы дефис арқылы емес, әдеттегі сөздей жалғана береді.

- Арнайы шартты белгілер техника түрлерін көрсету үшін қолданылаты және олар да қысқарған сөздер деп аталады. Бас әріппен жазылып, қосымшасы үшін дефисті қажет етеді.

- Өлшем атауы болып табылатын белгілерде қысқарған сөздер құрамына кіреді. Кіші әріптермен жазылып, еш бір қосымшаны қажет етпейді.[2.12]

Қазіргі таңда ағылшын тілі әлемдегі ең кең таралған тіл ғана емес, сонымен қатар басқа ұлттар тіліне үлкен ықпал етіп, өзге тілде кірме сөздер болып қолданыста жүр, ең қиын тілдердің бірі болып саналатын қытай тілі де ерекшелік емес. Ағылшын тіліндегі аббревиатураларды білу қажеттілігі күнен күнге өсуде. Көбінде қазіргі таңда экономика, ғылым, техника, әлем жастары арасында кең тараған, бұған ықпал ететін ақпараттық технологиялардың жоғарғы деңгейде дамуы, бұқаралық ақпарат құралдары мен ғаламтор арқылы хат алмасу. Олардың кейбіреулерінің өзге тілде эквиваленттері болып жатса, кейбір жағдайда нақты аудармасы да жоқ. Ағылшын тіліндегі қысқарған сөздердің грамматикалық сипаты басқа тілдердегі аббревиатурамен ұқсас болып келеді және олардың бірнеше түрі болады. Нақтырақ айтсақ, олар бір, екі кейбір кездері бес компоненттерден тұрады, бес компоненттен тұратын аббревиатуралар саны әрине аз. Олардың пайда болу жолдары да әр түрлі. Мысалы оларды құрайтын компоненттердің бастапқы әріптерінен (BBC, FBI), ұзын сөздерді қысқарту арқылы (ad – advertisement – хабарлама) құралады. Ал оқылуы мен айтылуына келетін болсақ: [1.23]

- Кейбір аббревиатуралар жеке жеке әріптермен аталады. Мысалы: BBC, UK, PM, USA.

- Тұтас сөз болып оқылып, акронимдар деп аталады. Мысалыға NATO сөзі.

- Тек қана жазбада қолданылатын аббревиатуралар, ал ауыз екі тілде толықтай айтылады (Mr, Mrs, Dr, St).

- Биресми сөйлеу этикетінде қолданылатын аббревиатуралар (exam, phone, mum, TV).[1.23]

Тіл құрамында аббревиатуралар ең көп таралған тіл де ағылшын тілі. Айтылып отырылған тілдің ғана аббревиатуралары әлемге кең таралып, ешбір бір баламасыз, аудармасыз-ақ, өзге тілде қолданыста жүр. Бұған себеп тілдің әлемдік деңгейде халықаралық қатынас тіл болып саналуында.

Соңғы он жылдықта қытай тіліне ағылшын тілінен алынған кірме сөздер мен аббревиатуралар үлкен ықпал етуде. Бұл лексикалық бірліктердің лингвистикалық тұрғыда қарастырылуының себебі: ағылшын тілінен енген кірме сөздер мен аббревиатуралардың мазмұндылығы, айтылу көркемділігі сондай ақ, қытай тіліне тән жоғары екпінде сөйлеуге кедергі келтірмей сіңісіп кетуінде. Бұндай аббревиатуралардың басым бөлігі қытай тілінде латын алфавитімен жазылады.

Аббревиатуралар саны тым қарқынды өсуде, тіпті олардың кейбірлерінің мағнасы арнайы сөздіктерде енгізілмеген.

Эксперттердің айтуынша болашақта қытай тіліне енетін кірме сөздер мен ағылшын аббревиатураларының саны Қытай Халық Республикасының басшылығының таза қытай тілін сақтап қалу туралы қабылдаған шараларына қарамастан, тек қана өсе бермек. Қытай Халық Республикасы «Көпшілік мақұлдаған мемлекеттік тіл» туралы заң қабылдаған болатын.

Сонымен қатар сөз тіркестерден басқа, тұтас сөйлемдер, ғаламтор чатта қолданылатын сөз оралымдары, тұрақты айтылымдар да қысқартылуы мүмкін.

Қытай тіліндегі инициалдық аббревиатуралар сөз бен сөз тіркестерді графикалық қысқарту негізінде пайда болады және олар пиньинь 拼音-[pinyin] арқылы жазылады(PMP 拍马屁- [Pai Ma Pi] – өтірікші, MM 美美[meimei] – сұлу, ару).[3.68]

Әрине, күрделі тілдердің бірі болып саналатын қытай тілінде аббревиатуралар өте ыңғайлы. Өйткені иероглифтерді қысқарту мүмкін емес, соған байланысты қытай тілінде

қолданыста жүрген қысқарған сөздердің басым бөлігі өзге тілден енген кірме сөздер. Бірақ, бұған қарамастан олардың саны күн санап өсуде. Әріптік элементтерден тұратын аббревиатуралардың иероглифтік ортада орын алуына олардың иероглиф пен бірігіп бір тұтас элемент құрауында. Қытай тіліне жат әріптік компоненттердің тілге еніп, қолданыста болуы қытай тілінде жаңа фонетикалық процесстердің болып жатқанын айқындайды. Әріптік компоненттерден тұратын элементтердің иероглифтерімен қатар сөзжасамда қолданылып, жаңадан енген қытайша сөздер туындауында. Ағылшын аббревиатуралары қытай тіліндей күрделі тілде нық өз орнын алып отырғанда өзге тілге дау бар ма.

Қолданылған әдебиет

1. А.А. Щукин Современная Китайская Аббревиатура, Восток-Запад, 2004 236
2. Соседов Е.А. счетные слова в китайском языке, 2007 126
3. Сухина Ю.С. Характер иностранной лексики в современном китайском языке, Вестник АмГУ. Благовещенск, 2006 65-686

ӘОЖ 811.581:003.212

ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құдайберген Гүлмира Әшіртайқызы

Абылқасым Інжу Баубекқызы

Филология факультеті, 2-курс студенттері

Ғылыми жетекшісі: Шәріпхан Мерей

Қытай – Тибет тілдері тобына жатады. Тайвань, Сингапур, Малайзия, тағы басқа елдерде қолданылады, 1,5 миллиардқа жуық халық күнделікті қарым-қатынаста пайдаланады. Қытай тілінің басты ерекшеліктері: 1) Қытай тілінде төрт үн бар, мағына үн (тон) арқылы анықталады; 2) әрбір иероглиф бір буын болып есептеледі; 3) жалаң буынды сөздер жиі кездеседі, күрделі сөздер көп түбірден құралады, бірақ морфологиялық түрлену болмайды; 4) сөздердің орын тәртібі мен шылаулар қолданысы негізінде грамматикалық мағына айқындалады. Тарихи жазбаларға қарағанда Қытай тілінің диалектілері мұнан 2500 жыл бұрын байқалған. Ұсақ диалектілер көп болғанымен, негізінен үлкен жеті топқа бірігеді: олар – Солтүстік, У, Шияң, Гань, Кыжия, Юэ және Минь. Қытай әдеби тілі солтүстік. диалекті негізінде қалыптасқан. Осы тіл мен ортақ иероглиф болмаса әр диалектіде сөйлейтіндер бір-бірін еркін түсіне бермейді. 12 – 13 ғасырларда кітаби тіл – Байхуавин (жаңаша әдеби тіл мағынасында) қалыптасты, «Су бойында», «Оқымыстылар шежіресі», «Қызыл сарай түсі» сияқты көркем туындылар осы тілде жазылған. Қытай тілін жаңаша ғылыми түрде зерттеу Ма Цзянь Чжунның «Ма Ши Вань ун» (1898 жылы) атты грамматикалық еңбегінен басталады.

Қытай жазуы – қытай халқының жазу жүйесі. Қытай жазуы морфема – логографтық жазу саналады. Көне қытай тілінде сөздер бір буынмен, яғни бірғана иероглиф пен жазылса, кейін көпбуынды – бірнеше иероглифті сөздер саны ұлғайып, бірбуынды сөздер көпбуынды сөздердің түбір морфемаларына айналған. Қытай жазуы Дауын коуөңірінен табылған алғашқы жазудан (қышы дыстағы жазу) басталады, бес мың жылдық тарихы бар. Археологиялық зерттеулер жазудың қытайдың Инь-шандәуірінде (б.з.б. 2140 – 1711) пайда болғандығын көрсетті. Хань дәуірі тұсында түрліше жазылып жүрген иероглифтер бірізділікке түсті. Қытай жазуы дамудың үштүрлі кезеңін бастан кешірді: 1) сауыт-сүйек жазуынан қола, Дачуан, Шиажуан жазуларын адейінгі дәуір; 2) Шиажуаннан Линшуүлгісіне дейін; 3) Линшужазуынан Жие шу, Сау шу, Шиң шу уақыты және жазудың бергідәуірі. Иероглифті зерттеуертеден басталды, бірақ қазірге дейін қытай жазуындақанша иероглиф бар екенінақты анықталмаған. Б.з. 100 – 121 жылы Шүй-Шин жасаған «Шуовынжиезы» сөздігінде 9353 иероглиф қамтылған, Цинь патшалығы тұсында (1644 –